

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникациялар және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд-ы

 Е. Т. Таштай

«29» 04 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Сөйлеу сигналын кодтаудың оңтайлы әдістерінің анализі»

5B071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы

Орындаған:



Канатбекова Д.А.

Пікір беруші

ҚазҰАУ, ЭҮЖА каф. меңгерушісі

доктор PhD.,

қауымдастырылған профессор

 Ж. С. Шыныбай

«29» 04 2019 ж.

Ғылыми жетекші

ЭТЖҒТ кафедрасының ассоц.

профессоры

 Д.Б. Илипбаева

«26» 04 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

5B071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникация

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
техн.ғыл.канд.

 Е.Таштай

«20/» 01 2019 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Канатбекова Диана

Тақырыбы «Сөйлеу сигналын кодтаудың оңтайлы әдістерінің анализі»

Университет ректорының «16» қазан 2018 ж. № 1162-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі “25” сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

1) Сигналдың жиілігі $S = 4\text{кГц}$ болғанда, дискретизация жиілігі $F_s = 8\text{кГц}$;

2) Кванттаудың қадам өлшемі q ;

3) $P(x) = 1, 2, 3$ болғанда шектік мәні q мен кванттау шуының қуаты;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Сөйлеу сигналын түрлендіру құрылымымен танысу;

ә) Сөйлеу сигналын кодтаудың негізгі әдістерін қарастыру;

б) Сөйлеу сигналының параметрлерін зерттеу;

в) Сөйлеу сигналын бастапқы кодтау әдістеріне есептеу жүргізу;

г) Сөйлеу сигналын Matlab бағдарламасында модельдеу.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сөйлеу сигналын түрлендіруге қажетті аналогты сигналдың сандық сигналға түрлену схемасы. Сөйлеудің түрлену моделінің құрылымы көрсетілген. Ұсынылатын негізгі әдебиет 23 атау.

1. Dr.Shaila, D.Apte Speech and Audio Processing. New Delhi,2017

2. Солонина А.И Основы цифровой обработки сигналов, 2012

3. Ю.А.Ковалгин, Э.И. Вологдин Цифровое кодирование звуковых сигналов. Спб,2015

4. Н.К Верещагин Информация, кодирование и предсказание. Москва,2012

дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Сөйлеу сигналын түрлендіру құрылымымен танысу	20.01.2019 - 01.03.2019	<i>орындалған</i>
Сөйлеу сигналын кодтаудың негізгі әдістерін қарастыру	02.03.2019-02.04.2019	<i>орындалған</i>
Сөйлеу сигналын Matlab бағдарламасында модельдеу	01.04.2019–15.04.2019	<i>орындалған</i>

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	PhD докторы, ЭТЖҒТ каф.сениор-лекторы Тайсариева К.Н.	29.04.19	<i>[Signature]</i>

Ғылыми жетекшісі *[Signature]* Л.Б. Илипбаева
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған білім алушы *[Signature]* Д. Канатбекова

Күні “29” 04 2019 ж.

АҢДАТПА

Берілген дипломдық жұмыста сөйлеу сигналын кодтаудың оңтайлы әдістері қарастырылды. Сөйлеуді кодтау үшін аналогты сигналдың сандық сигналға түрлену схемасы және сөйлеудің түрлену моделінің құрылымы анықталды. Сөйлеу сигналын кодтаудың сызықты болжау әдісіне және оның түрлеріне аналитикалық шолу жасалынды. Сөйлеу сигналын кодтаудың негізгі параметрлері бойынша бастапқы кодтау әдістеріне есептеу жүргізілді. Сөйлеу сигналының уақыттық, спектральдық және кодтық сипаттамаларының моделі алынды. Қазақ тілінде «Даяшы» сөзінің сипаттамалары анықталып, эмоционалдық көрінісінің өзгеруі бақыланды.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе рассмотрены оптимальные методы кодирования речевого сигнала. Для кодирования речи была определена схема преобразования аналогового сигнала в цифровой сигнал и структура модели преобразования речи. Проведен аналитический обзор методов линейного предсказания кодирования речевого сигнала и его видов. По основным параметрам кодирования речевого сигнала произведен расчет методов первичного кодирования. Получены модели временных, спектральных и кодовых характеристик речевого сигнала. Были определены характеристики казахского слова «Даяшы» и наблюдались изменения эмоционального характера.

ABSTRACT

In this thesis we consider the best methods of coding the speech signal. To encode the speech, the scheme of converting the analog signal into a digital signal and the structure of the speech conversion model were determined. The analytical review of methods of linear prediction of speech signal coding and its types is carried out. The calculation of the primary coding methods was carried out according to the main parameters of the speech signal coding. Models of time, spectral and code characteristics of the speech signal are obtained. The characteristics of the Kazakh word were determined «Даяшы» and there were emotional changes.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1. Сөйлеу сигналын түрлендірудің қысқаша сипаттамасы	10
1.2 Сөйлеу сигналын кодтаудың сызықты болжау әдісі	13
1.3 Сызықты болжауы бар вокодерлерді қолдану негізінде сөйлеуді талдау әдістері	16
1.4 Негізгі тонның жиілігінен қоздырылатын LPC кодтау әдісі	17
1.5 RELP немесе сөйлеуді гибридті кодтау әдісі	18
1.6 RELP негізінде ABS кодтау әдісі	20
1.7 Кодтық кітаптар негізінде қозуы бар кодтар немесе CELP кодтау әдісі	21
2. Импульстік-кодтық модуляция	25
2.1 Дифференциалды импульстік-кодтық модуляция	25
2.2 Сөйлеу сигналын дискреттеу	26
2.3 Сөйлеу сигналын кванттау	28
2.4 Біркелкі және біркелкі емес кванттаушы және кодер	30
2.5 Сөйлеу сигналының кванттау бойынша параметрлерін есептеу	33
2.6 DPCM бойынша параметрлерді есептеу	35
3. Matlab бағдарламасында сөйлеу сигналының параметрлерін зерттеу	38
3.1 MATLAB бағдарламасында «Даяшы» сөзіне зерттеу жүргізу	38
Қорытынды	44
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	45

КІРІСПЕ

Сөз - бұл адам өмірінің түрлі салаларында ақпарат алмасудың тәсілі. Қазіргі заманда сөйлеу сигналын әзірлеу, талдау, кодтау және сөйлеу синтезі саласындағы дәреженің айтарлықтай өсуі байқалады. Сөз алмасу технологиясын кеңінен қолданудың және дамытудың бірден бір жолы сөйлеу сигналын кодтаудың тиімді әдістерін падалану болып табылады. Бұл біріншіден кезекте заманауи желілер мен пакеттік коммутацияның желілік технологиялар үшін өзекті болып келеді.

Жұмыстың мақсаты – сөйлеу сигналын кодтаудың оңтайлы әдістерін қолданып, сөйлеу сигналының негізгі кодтау әдістерін сараптап талдау.

Сөйлеуді кодтаудың негізгі әдістерін қарастыру алдында жалпы сөйлеу сигналының түрлену құрылымы қарастырылады. Сөйлеуді кодтау үшін аналогты сигналдың сандық сигналға түрлену процесі және сөйлеуді түрлендіру моделінің құрылымы көрсетіледі. Дауысты және дауыссыз дыбыстырдың айырмашылықтары мен ерекшеліктері олардың фрагменттері мен спектралды көрінісі арқылы талданады.

Сөйлеу сигналын кодтаудың оңтайлы әдістерінің бірі – сызықты болжау әдісі. Бұл әдіс – негізгі тонның периоды, форманттар, спектр, сөйлеу трактісінің ауданының функциясы, сондай-ақ, төмен жылдамдықты беру және үнемді сақтау мақсатында сөйлеуді қысқартылған түрде көрсету кезінде және сөйлеу сигналының негізгі параметрлерін бағалау кезінде басымдылық көрсетеді. Дипломдық жұмыста сызықты болжау әдісінің негізгі түрлері қарастырылады, олар: негізгі тонның жиілігінен қоздырылатын LPC кодтау әдісі, RELP немесе сөйлеуді гибриді кодтау әдісі, көпимпульсті кодер негізіндегі кодтау әдісі, тұрақты импульстік қозуы бар кодектер негізіндегі кодтау әдісі, кодтық кітаптар негізінде қозуы бар CELP кодтау әдісі, PCM және дифференциалды DPCM кодтау әдістері[1].


Сөйлеу сигналын кодтаудың негізгі параметрлеріне зерттеу жүргізіледі. Есептеулер сигналды дискреттеу мен кванттау параметрлерін есептеуге негізделген. Тарауда әртүрлі кванттау әдістері, біркелкі кванттау, дискретті кванттаудың біркелкі емес әдістері, дифференциалды кодтау әдістер негізінде келесі кванттаудың қадам өлшемі, кванттау шуы және кванттау шуының дисперсиясы, сигнал дисперсиясы, дифференциалды конфигурация үшін күшейту коэффициенті сияқты параметрлерге есептеу жүргізіледі[1].

MATLAB бағдарламасы көмегімен сөйлеу сигналын зерттеліп, сөйлеу сигналының уақыттық, спектральдық және кодтық сипаттамаларының моделі алынған. Қазақ тілінде алынған сөздің сипаттамалары анықталып, эмоционалдық көрінісі бойынша өзгерісі бақыланады.

1 Сөйлеу сигналын түрлендірудің қысқаша сипаттамасы


Соңғы жылдары сөйлеу сигналын әзірлеу, талдау, кодтау және сөйлеу синтезі саласындағы дәреженің айтарлықтай өсуі байқалады. Бұл негізінен адам қызметінің түрлі салаларында ақпараттық технологияларды кеңінен пайдаланумен, процестерді автоматтандырумен, ақпарат алмасумен және ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланушылар мен машиналық технологияларды кеңінен пайдаланумен байланысты.

Төменде сөйлеу сигналын түрлендіруге қажетті аналогты сигналдың сандық сигналға түрлену схемасы және жалпы сөйлеудің түрлену моделінің құрылымы көрсетілген (Сурет 1.1 және 1.2)[2].



Сурет 1.1 – Аналогты сигналдың сандық сигналға түрлену схемасы

Мұндағы, АК- үзіліссіз сигнал түріндегі ақпарат көзі, УД –уақыт бойынша дискретизатор, ДК- деңгей бойынша кванттаушы, АСТ-аналогты-сандық түрлендіргіш, ТС- тарату сызығы, САТ-сандық-аналогты түрлендіргіш, ҚҚ- дискретті аналогты сигналды үзіліссіз сигналға қалпына келтіру құрылғысы, АҚ- ақпарат қабылдағыш.




Сурет 1.2 – Сөйлеудің түрлену моделінің құрылымы


Сөз айтылатын сөздерге, дауыстың тембрына, интонацияға, сөйлеушінің жынысы мен жасына байланысты болатын тербелістің күрделі формасы болып табылады. Сөйлеу спектрі өте кең (шамамен 50-ден 10000 Гц-ке дейін), бірақ телефонияда сөйлеуді тарату үшін 0,3 - 3,4 кГц жиілік жолағынан тыс жатқан құрамдастардан бас тартты, себебі бұл жағдайда дыбыстардың қабылдануы

біршама нашарлады (мысалы, шуыл дыбыстардың энергиясының елеулі бөлігі сөйлеу спектрінің жоғарғы бөлігінде шоғырланған). Бірақ бұл жағдай сөз анықтылығына қатты әсер берген жоқ. Сонымен қатар, негізгі тонның төменгі жиілікті гармоникаларының жоғалуына байланысты төменгі жиілікті шектеу (300 Гц-ке дейін) қабылдауды біршама нашарлатады.


Төменде сөйлеу сигналының фрагменттері бейнеленген. Бұл суреттерде дауысты (Сурет 1.3) және дауыссыз (Сурет 1.4) дыбыстар, сондай-ақ, осы дыбыстардың спектрлері (Сурет 1.5 және 1.6) бейнеленген. Суреттерде сигналдардың сипаты жағынан айырмашылығы және бірінші және екінші жағдайларда сигнал спектрінің ені 3,5 кГц-тен аспайтыны анық байқалады. Сөйлеу сигналы спектрінің құрамындағы төменгі жиілікті (яғни, уақыт бойынша баяу) құраушылардың деңгейі жоғары жиілікті (жылдам) құраушылардың деңгейінен айтарлықтай жоғары екенін атап өтуге болады. Бұл сигнал спектрінің бірқалыпты болмауы және сигнал факторларының бірі болып табылады.




Сурет 1.3 – Дауысты дыбыстарды қамтитын сөйлеу сигналының фрагменті



Сурет 1.4 – Дауыссыз дыбыстарды қамтитын сөйлеу сигналының фрагменті



Сурет 1.5 – Дауысты дыбыстарды қамтитын сөйлеу сигналының спектрі



Сурет 1.6 – Дауыссыз дыбыстарды қамтитын сөйлеу сигналының спектрі

Сөйлеу сигналының біркелкі бөлінбеуінен, сигналдың үлкен деңгейлеріне қарағанда кіші деңгейлерінің орын алу ықтималдығы жоғары болуы мүмкін. Әсіресе, бұл сөйлеу белсенділігі жоғары емес ұзақ фрагменттерде байқалады[3].

Сөйлеу сигналы уақыт бойынша стационарлы болмауы мүмкін: әртүрлі бөліктерде сигналдың қасиеттері мен параметрлері айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл ретте стационар аралығының көлемі шамамен бірнеше ондаған миллисекундты құрайды. Сөйлеу дауыстық байламдар мен дауыстық тракт арқылы жеңіл ауа ағынының өтуі кезінде қалыптасады.

Дауыстық тракт дауыстық байламдардан басталып ерінмен аяқталады және орташа ұзындығы шамамен 15-17 сантиметрді құрайды. Дауыстық тракт өзінің резонанстық қасиеттеріне байланысты қалыптасқан сигналға форманттар деп аталатын және дауысқа тембрлік бояу беретін әрбір адамға тән жиіліктік құрамдастардың жиынтығын енгізеді. Формант жиіліктері мен жолақтарын

басқаруды дауыстық тракт пішінін өзгерту арқылы жүзеге асыруға болады, мысалы, тіл жағдайын өзгерту арқылы дауыстық тракт пішіні өзгереді. Көптеген дауыстық кодер/декодерлердің маңызды бөлігі болып дауыстық трактты модельдеу болып табылады. Дауыстық тракт пішінінің салыстырмалы түрде баяу өзгеруін ескерсек (тілдің жағдайын секундына 20-30 реттен жиі өзгеруі мүмкін емес), онда мұндай сүзгінің параметрлері де салыстырмалы түрде сирек (әдетте әрбір 20 миллисекунд немесе тіпті сирек) жанартылуы тиіс[4].

Осылайша, дауыстық тракт оған дауыстық байламдар арқылы жіберілетін ауа ағынымен қозғалады. Қозу тәсіліне байланысты бұл кезде туындайтын дыбыстарды шартты түрде үш сыныпқа бөлуге болады:

1. Дауыстық байламдардың дірілі кезінде (вибрация) пайда болатын дауысты дыбыстар сол байламдардың ашылып қайта жабылуы кезінде өкпеден дауыстық трактқа ауа ағыны үзіліп жетуі кезінде пайда болады. Бұл ретте дауыс трактісінің қозуы квазипериодикалық импульстермен жүргізіледі. Байламдарды ашу және жабу жылдамдығы (жиілігі) туындайтын дыбыстың (тонның) биіктігін анықтайды. Ол дауыстық байламдардың пішіні мен кернеуінің өзгеруімен, сондай-ақ, ауа ағынының қысымының өзгеруімен басқарылуы мүмкін. Дауысты дыбыстар 2 - 20 мс кезеңімен негізгі тонның кезеңділігінің жоғары дәрежесіне ие.

2. Ауа ағыны арқылы ашық дауыстық байланыстырғыштар арқылы жоғары жылдамдықпен өтетін шу тәріздес турбулентті ағынмен қозғалғанда пайда болатын дауыссыз дыбыстар. Мұндай дыбыстарда дауыстық байламдардың дірілімен негізделген ұзақ мерзімді кезең іс жүзінде жоқ.

3. Ауаның артық қысымы әрекетінен, жабық дауыстық тракты кенеттен ашылғанда пайда болатын жарылыс сипатындағы дыбыстар.

Кейбір дыбыстар таза түрде жоғарыда сипатталған сыныптардың ешқайсысына сәйкес келмейді, бірақ олардың қоспасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген 1.3 және 1.4 суреттерден көріп тұрғандай, сөйлеу сигналы дауыстық байламдар тербелісінің мерзімділігіне және дауыстық трактының резонанстық қасиеттеріне байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдылықтың жоғары дәрежесіне ие және бұл жүйе үшін ең қолайлы болып табылады. Кодер және декодерлердің көп бөлігінде осы болжамдылық қолданылады, сондай-ақ, код жылдамдығын азайту мақсататында сөз түзу жүйесі моделінің параметрлерінің аз жылдамдығы қолданылады.

1.2 Сөйлеу сигналын кодтаудың сызықты болжау әдісі

Сөйлеуді қысудың неғұрлым күрделі әдістері сигнал формасының кодтау элементтерімен бірге сөйлеуді сызықтық болжау әдісін қолдануға негізделген.

Бұл алгоритмдерде сигнал беру кезінде кодты оңтайландыру жүзеге асырылатын кері байланысты кодтау қолданылады. Сигналды кодтау арқылы процессор оның пішінін қалпына келтіруге тырысады және нәтижені бастапқы сигналмен салыстырады, содан кейін ең жақсы сәйкестікке қол жеткізе отырып, кодтау параметрлерін өзгертуді бастайды. Мұндай сәйкестікке жеткеннен кейін аппаратура алынған кодты байланыс желісі бойынша береді. Қарама-қарсы ұшында сөйлеу сигналын қалпына келтіру жүреді. Мұндай әдісті пайдалану үшін маңызды есептеу қуаттары қажет екені анық[5].

Бұл әдіс – негізгі тонның периоды, форманттар, спектр, сөйлеу трактысының ауданының функциясы, сондай-ақ, төмен жылдамдықты беру және үнемді сақтау мақсатында сөйлеуді қысқартылған түрде көрсету кезінде және сөйлеу сигналының негізгі параметрлерін бағалау кезінде басымдылық көрсетеді. Бұл әдіс алынған бағалардың жоғары дәлдігімен және есептеулердің салыстырмалы қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Сызықтық болжау – бұл сандық цифрлы сөйлеуді сүзуге негізделген талдау әдісі, бұл кезде сигналдың ағымдағы есебі шығыс реттіліктің өткен және қазіргі мәндерінің сызықты комбинациясына, содай-ақ, кіріс реттіліктің өткен мәндерін «алдын ала» болжануына мүмкіндік береді (мысалы, сөйлеудің автоматты синтезі кезінде).


«Сызықтық комбинация» ұғымы белгісіз шығу есебін болжау (айқындау) үшін сызықтық болжамның тиісті коэффициенттеріне көбейтілген сигналдың белгілі дискретті есептеулері (кіріс және шығыс) туындыларының сомасын білдіреді. Сызықтық болжау кезінде сөйлеуді талдаудың негізгі міндеті – сигналды талдау бөлігінде болжаудың ең аз қатесін беретін осы сызықтық комбинацияның коэффициентін табу болып табылады.

Сөйлеуді сызықтық болжау коэффициентімен кодтау уақыт қатарының статистикалық талдау теориясына негізделеді. Уақытша қатар – бұл уақыт бойынша реттелген бақылау (есептеу) реттілігі.

Берілген әдістің мәнін түсіну үшін келесідей жағдай қарастырылады. Сөйлеу сигналын есептеу (таңдау) тізбегі бар болсын: x_1, x_2, \dots, x_t . Берілген таңдау үшін «өлшенген орташа» мән есептелінеді. 1020 мс аралығы үшін сөйлеу сигналының статистикалық қасиеттері өзгеріссіз деп саналады. Бұл аралықты болжаудың орташа квадраттық қатесін азайтатын a_s коэффициенттер жиынтығымен кодтайды, яғни бастапқы және тегістелген қатар арасындағы болжам қателігін азайтады. Коэффициенттерді есептеу өте қиын процесс болып табылады[6].

Сызықтық болжау коэффициенттерінің талдауы бойынша 1020 кГц жиілігімен келе жатқан есептерден құралған ИКМ сөйлеу көрінісі 50100 Гц жиілігімен келе жатқан параметрлер векторларының реттілігіне айналады. Бұл сөйлеу сапасы жақсы болған жағдайда сөйлеу сипаттамасын 50-100 рет қысады.

Төменде сызықтық болжау коэффициентін кодтаудың құрылымдық схемасы көрсетілген. Мұнда, АҚ-ақпарат көзі, КЛП - клиппирлеу, ТЕСҚ-тұрақты есте сақтау құрылғысы[7].



Сурет 1.7 – Сызықтық болжау коэффициентін кодтаудың құрылымдық схемасы

Сызықтық болжау коэффициент кадрның соңғы он элементі сөйлеу генерациясы үшін сандық көп буынды сүзгіште қолданылатын коэффициенттерге сәйкес келеді. Қарапайым процессорлардың тез әрекет етуі жеткіліксіз болғандықтан, практикалық іске асыру үшін арнайы есептеуіш немесе бағдарламаланатын сигналдар процессорларын қолданады.

Бұл әдіс жоғары жылдамдықты элементтік базаны талап ететіндіктен оны іске асыру қиынға соғады. Алайда, бұл әдіс ең перспективалы болып саналады, өйткені ол сөзжасау процестеріне негізделген. Дыбыстар мен сөздердің энергия деңгейі бойынша, қарқын бойынша, үндік сурет бойынша келісуді жүзеге асыру арқылы модель параметрлерін басқару мүмкіндігі пайда болады. Бұл ережелеге сүйене отырып, элементтер жиынтығынан күрделі сөздерді синтездеуге мүмкіндік береді.

Дыбыс болжауды тікелей пайдалану кезінде шығарылады, бірақ дыбыстың сапасы нашар болады. Сондықтан бұл әдістің сапасын жақсартудың бірнеше жолдары бар. Бұл әдістер қабылдау соңында генераторлардың қозу параметрлерін жақсарту үшін қолданылады. Сондықтан үш құраушы жүйенің ішінде-аппроксимация, болжау және сөйлеуді қалпына келтіру (генераторлардың қозуы) әдістері - барлық жетістіктер сызықтық болжау әдісінің соңғы құраушысына қатысты болады. Олар кейде гибриді кодтар деп де атайды, өйткені олар сигналдардың және кодтардың гибриді болып табылады.

Ақпарат шығындары бойынша сөйлеу синтезінің негізгі әдістерінің салыстырмалы мәліметтерін келесі кестеде[8] келтірілген (Кесте 1.1).

Кесте 1.1 – Ақпарат шығындары бойынша сөйлеу синтезінің негізгі әдістерінің салыстырмалы мәліметтері

Сөйлеуді кодтау әдісі	Ақпарат шығыны бит/с	Сигнал сапалылығы
ИКМ	$(40-100) \cdot 10^3$	-
Дельта-модуляция	$(20-50) \cdot 10^3$	-
АИКДМ	$(10-25) \cdot 10^3$	-
Клиппирлеу	$(3-60) \cdot 10^3$	Сөйлеудің төмен сапасы
Формантты талдау	$(2-4) \cdot 10^3$	-
Сызықтық болжау коэффициентінің талдауы	$(1,2-2) \cdot 10^3$	-
Фонемалық әдіс	50-100	-

Клиппирлеу - сөйлеуді өңдеу үшін ғана қолданылатын сигналдың шекті амплитудалық шектеуі. Сөйлеу сигналы ені әртүрлі тікбұрышты импульстердің тізбегіне айналады, яғни оң сигнал кезінде нөлмен, теріс сигнал кезінде бірмен кодталады.

Фонемалық әдіс сөйлеу синтезін басқаратын деректерді берудің ең аз жылдамдығына ие. Бұл әдістің тағы бір маңызды артықшылығы - бұл сөйлеу хабарламаларын ережелер бойынша қалыптастыру мүмкіндігі (синтезделетін сөздердің шексіз сөздігі).

Мультимедада сөйлеу синтезаторын кең қолданумен қатар, сөйлеу қарым-қатынасының әдістері мен құралдары телефондық автожауап бергіштерде, соқыр және сөйлейтін адамдарға арналған оқу құрылғыларында, сондай-ақ, қазіргі заманғы әскери техникаларда, мысалы ұшақтарда, ғарыш жүйелерінде және т. б. қолданылады.

Сөйлеуді талдаудың барлық әдістері уақыт бойынша сөйлеу сигналының қасиеттерінің баяу өзгеруін болжайды. Дауыстық трактының сипаттамаларын 10-20 мс аралығында өзгеріссіз деп санауға болады, яғни параметрлерін 1/20 мс = 50 Гц жиілікпен өлшеу керек[9].

1.3 Сызықты болжауы бар вокодерлерді қолдану негізінде сөйлеуді талдау әдістері

Вокодер – бұл қазіргі заманғы сандық телефон байланысында, оның ішінде – Internet-телефонияда кеңінен қолданылатын сөйлеуді параметрлік кодтау жүйесі. Оның себебі – ақпаратты сығудың жоғары дәрежесі, сондай-ақ, арналық кодтау және шифрлеу жүйелерімен байланыс жүйелерінің

кедергілерден және ақпараттың жылыстауынан жоғары қорғалуы салыстырмалы жеңіл қамтамасыз етіледі[10].

Дауыс түзуші тракт уақыт бойынша ауыспалы параметрлері бар желілік сүзгі ретінде ұсынылады. Ол ақ шудың (дауыссыз дыбыстарды қалыптастырған кезде) немесе негізгі тонның кезеңімен импульстер тізбектерімен қалыптасады.

Сөйлеу сигналын талдауының нәтижесінде вокодер алынған ақпаратты декодерге береді, бұл сөздік сүзгісінің параметрлері, көрсеткіш дауысты/дауыссыз дыбыс, қозу сигналының қуаты және кезең дауысты дыбыстар үшін негізгі тон. Бұл параметрлер әрбір 10 – 20 мс жаңартылуы керек, бұл сөйлеу сигналының стационарсыздығын бақылау үшін қажет. Вокодердің кодерден айырмашылығы - ол бастапқы сөйлеуге жақын келетін сөз формасын қалыптастыруға тырысады және оның формасының бастапқы сигнал формасынан айырмашылығына назар аудармайды.

1.4 Негізгі тонның жиілігінен қоздырылатын LPC кодтау әдісі

Негізгі тонның жиілігінен қоздырылатын кодер - бұл 2400 бит/с және одан төмен жылдамдықпен сөйлеу сигналының параметрлерін беру үшін қолданылатын LPC (Linear Predictive Coding) кодері.

Негізгі тонның жиілігінен қозуы бар кодер тіпті жоғары тарату жылдамдығы кезінде де синтезделген сөйлеудің қажетті сапасын қамтамасыз етпейді, яғни барлық дыбыстар үшін сөздің дәлме-дәл дауысты және дауыссыз болып бөлінуі мүмкін емес[11].

Дауыстық саңылауды түйістіру кезінде орын алатын негізгі тон жиілігінің негізгі қозуынан басқа, дауыстық саңылауды ажыратқанда ғана емес, сондай-ақ, түйістіру кезінде де екіншілік қозу бар екені белгілі. Сондықтан көпимпульсті қозғауда LPC қалдығының сигналы бірқалыпты бөлінбеген аралықтары және әртүрлі амплитудалары бар (10 мс үшін шамамен 8 импульс) импульстер тізбегі түрінде ұсынылады.


Әрбір кадрда LPC-параметрлермен бірге қозу импульстерінің ережелері мен амплитудалары туралы ақпарат кодермен қалыптастырылады.

Осы типті кодерлер дайын есептемелердің тұтас блоктарымен жұмыс істейтін болғандықтан, әрбір блок үшін LPC алгоритмі негізгі тонның жиілігін, оның амплитудасын, сигналдың сөйлеу немесе сөйлеу сигналына жатпайтын сигналдарды ажырату және басқа да параметрлерді есептеп береді. Содан кейін осы параметрлердің мәндеріне сүйене отырып, хабар беруге дайын сөйлеу кадры қалыптасады.

Кодты кодтауға осы тәсілмен бірінші кезекте есептеу қуатына қойылатын талаптар артады және екіншіден, беру кезінде кідіріс артады, себебі кодтау жеке мәндерге емес, түрлендіруді бастамас бұрын белгілі бір буферде жинақталатын олардың кейбір жиынтығына қолданылады.

Бұл әдіс LPC-вокодер сияқты адамның сөзінің нақты ойнатылуына тікелей байланысты болғандықтан, ол дауыстық жиілік жолағына түсетін дыбыссыз сигналдар үшін жарамсыз болып табылады[12].

Төменде қабылдағыштың бөлімі ретінде таратқыштан тұратын LPC-вокодерінің негізгі блок-схемасының суреті көрсетілген. Таратқыш LPC анализаторы, қадам датчигі, LPC және қадам үшін кодерден тұрады. Қабылдағыш LPC , қадам және LPC синтезторы үшін дешифратордан тұрады.



Сурет 1.8 – LPC-вокодерінің негізгі блок-схемасы

1.5 RELP немесе сөйлеуді гибриді кодтау әдісі

Сөйлеудің гибриді кодтау әдістері сигналдың шығу табиғатын мүлдем қарастырмайтын сигнал формасының кодтары мен сигналдың өзін емес, оның шығу көзі параметрлерін қарастыратын кодтар арасындағы алшақтықты толтырады.


Сигнал формасының коды кодтау жылдамдығы 16 кбит/с жоғары болған кезде өте жақсы сөйлеу сапасын қамтамасыз етеді, бірақ бұдан төмен жылдамдықтарда мүлдем жұмыс жасамайды, ал вокодерлер 2,4 кбит/с және одан төмен кодтау жылдамдығы кезінде сөйлеудің анықтылығын қамтамасыз еткенімен, кез келген басқа жылдамдықтарда сөздің жақсы сапасын қамтамасыз ете алмайды.

Қазіргі таңда сигналдың синтезі бойынша талдауға негізделген (ABS-кодектер) уақыт аймағында (сигналдың спектрі немесе басқа да сызықтық түрлендірулермен емес, сигналдың өзімен) жұмыс істейтін гибриді кодтау әдістері кең қолданысқа ие[13].

ABS кодері алғаш рет бастапқы түрінде MPE-кодері (Multi - Pulse Excited-көпимпульсті қозу кодері) атауында ұсынылды. ABS тиімділігі мен сапасы неде екенін түсіну үшін, алдымен RELP-кодері (Residual Excited Linear Prediction) қарастырылады.

Егер сөйлеу сигналын (Сурет 1.9, а - да көрсетілген спектрі бар) сызықты болжағыш (Сурет 1.9,б - да көрсетілген жиіліктік сипаттамасымен) арқылы

өткізетін болса, шығу сигналын есептеу арасындағы корреляция (болжау қателері) айтарлықтай азаяды. Егер болжам жеткілікті түрде жақсы орындалса, онда болжаушының шығуы біркелкі спектрі бар ақ шу болып шығады (Сурет 1.9, в).




Сурет 1.9 – Сызықтық болжау коэффициенттері көмегімен сөйлеу сигналының анализі

Сонымен қатар, бұл ақ шу (болжау қатесі) барлық кодталған сөйлеу сигналы туралы ақпаратты сақтайды және егер оны қайтадан LPC-сүзгі арқылы (Сурет 1.9, г көрсетілген жиіліктік сипаттамасымен) өткізетін болса, онда бастапқы сөйлеу сигналын мүлдем дәл қалпына келтіруге болады. Өйткені бұл ақпарат болжау қателігінің спектрі бойынша біркелкі бөлінетіндіктен, болжам қателерінің спектрінің кейбір бөлігін ғана кодтау және беру идеясы пайда болды, ал қалғандары декодерде қалпына келтіріледі[14].

RELPC-кодерде сигналды болжау қателігі кесу жиілігі 1 кГц-ке жуық төмен жиілікті сүзгі арқылы өткізіледі. Шығу сигналы, мысалы ДИКМ-кодерын қолдану арқылы форма бойынша кодталады. Декодерде болжау қатесі оны төмен жиілікті сүзгілермен жойылған жиілік аймағына көшіру арқылы қалпына келтіріледі. Сызықтық болжау барысында ақ шу алу мүмкіндігі болатын болса, RELPC-кодерді бұл жағдайда мінсіз болатын еді. Алайда, сөйлеу сигналында квазипериодикалық форманттық құрамдастар бар болуынан, сызықтық болжағыш форманттың негізгі тон периоды бар ұзақ мерзімді корреляциясын жоя алмайды, сол себепті олар болжам қателіктерінің спектрінде анық байқалады. Егер болжау қатесін төменгі жиілік фильтры арқылы жіберетін болса, жоғары жиілікті формантты құрамдастар жоғалады және әрі қарай қалпына келу мүмкіндігінен айырылады[15].

RELPC кодеры 9.6 кбит/с шамасында код жылдамдығымен сигналдың жақсы сапасын алуға мүмкіндік береді, бірақ оларға тән бір кемшілік - қалпына

келтірілген сөйлеудің синтетикалық сипаты. Бұл сипаттама вокодерлерге де тән. Осыған байланысты олардың орнына ABS-кодерлер қолданыла бастады.




Сурет 1.10 – RELP-вокодерінің негізгі блок-схемасы

1.6 RELP негізінде ABS кодтау әдісі

ABS кодердің жұмыс істеу принципі келесідей жүреді. Кодталған кіріс сигналы (сандық нысанда, санау ағыны түрінде) ұзындығы 20 мс фрагменттерге бөлінеді, оның шегінде сигналдың қасиеттері елеусіз ғана өзгереді. Осы фрагменттердің әрқайсысы үшін синтездеуші сүзгінің (дауыс трактысының аналогы) ағымдағы параметрлері анықталады және одан әрі синтез сүзгісі арқылы өткізілген қозу сигналы таңдалып, кіріс және синтезделген сигнал арасындағы қатені азайтады.

Осылайша, ABS әдісінің мағынасы - кодер оған көпше жақындылықтар синтезі арқылы кіріс сөзін талдайды. Кейін кодер декодерге ағымдағы параметрлердің комбинациясын білдіретін синтездеу сүзгісі мен қозу сигналы туралы ақпаратты береді. Мүмкіндігінше, осы деректердің көлемі кішірек болғаны дұрыс. Осы параметрлер бойынша декодер кодталған сөзді қалпына келтіреді. Әртүрлі типті ABS-кодтар арасындағы айырмашылық олардың әрқайсысында синтездеуші сүзгінің қозу сигналы $u(n)$ таңдалады. Теория бойынша синтездеуші фильтр кірісіне әртүрлі сигналдардың шексіз көп санын беру керек, яғни бұл оның шығуында қандай сигнал болатынын көру үшін және оны кодталған сигналмен салыстыру үшін қажет. Бастапқы сөзбен синтезделген сөз арасындағы өлшенген қателердің минимумын беретін қозу сигналы кодтау нәтижесі ретінде таңдалады. Қозу сигналын анықтайтын бұл тұйық схема ABS-кодерлары үшін кодтаудың төмен жылдамдығы кезінде кодталатын сөздің жоғары сапасын қамтамасыз етеді (Сурет 1.11).



Сурет 1.11 – ABS-кодер/декодер құрылымдық схемасы


1.7 Кодтық кітаптар негізінде қозуы бар кодтар немесе CELP кодтау әдісі

Жоғарыда айтылып кеткен MPE кодтау әдісі кодтың жылдамдығы 10 кбит/с және одан да жоғары болғанда сөйлеудің жақсы сапасын қамтамасыз етеді, бірақ төмен жылдамдықтарда сигналды қатты бұрмалауға ұшыратады, себебі қозу сигналының қажетті параметрлері үшін импульстердің орналасуы мен амплитудасын қажетті дәлдікпен сипаттайтын биттердің саны жеткіліксіз болады.


Осыған байланысты қозу сигналы ретінде өзіндік параметрлер жиынтығымен берілетін импустақ реттілік емес, әртүрлі формадағы қозулар сигналының есте сақтау құрылғысына арнайы дайындалған және жазылған кітапханана (кодтық кітаптар) – CELP (Code Excited Linear Predictive) қолданылады[16].

Кодтық кітаптардың көптеген түрлері бар:

1. векторлардың кодтарын іздеу принципі бойынша (толық аралықпен, екілік немесе дәйекті іздеу және т. б.);
2. оқыту тәсілдері бойынша (тіркелген немесе бейімделген кітап);
3. сақталатын ақпарат түрі бойынша (сөйлеуді таңдау немесе шуды іске асыру).



Сурет 1.12 – CELP-кодерінің қозу сигналының пайда болу құрылымдық схемасы



Сурет 1.13 – CELP- кодерінің құрылымдық схемасы

Бұл ретте кодтау нәтижесі болып қозу сигналының импульс параметрлері емес, кодтық кітаптың индексі (онда сақталатын нөмір), сондай-ақ оның амплитудасы болады. Мысалы, кодтық кітапта 1024 сигнал бар болса, ал сигнал амплитудасы 2 – 3% дәлдікпен кодталса, онда қажетті бит саны 10 (Индекс үшін) + 5 (амплитуда үшін) = 15 бит, яғни ұзақтығы 20 мс сигнал фрагментіне 15 бит (GSM RPE-кодектегі 47 битпен салыстырғанда).

CELP кодерінің құрылымдық схемасынан көрініп тұрғандай (Сурет 1.13), сигналдарды кодтау үшін "қозудың кодтық кітабы" қолданылады. Бұл жағдайда әрбір тасушы сигналға сигналдар жолы (үлгісі) салыстырылады. Бұл жол алынған қате мәнінің негізінде берілетін қалдық кезектілікке сәйкес келетін

санак жиынтығынан тұрады. Қабылдау соңында тасушы сигнал декодеры орнына «қозудың кодтық кітабы» қолданылады.

CELP алгоритмі сөйлеудің жоғары сапаын қамтамасыз етеді. Орташа сараптамалық баға: 3,5-3,5. Алайда, ол үлкен есептеу ресурстарын талап етеді, сондықтан оның негізінде көптеген кодтар құрастырылған. CELP-әдісі көпимпульсті әдіске қатысты бірдей жылдамдықпен сөйлеуді қалпына келтірудің жоғары көрсеткіштерін көрсетеді.

Сөйлеуді кодтаудың кейбір негізгі алгоритмдерінің сипаттамалары төменгі кестеде берілген:

Кесте 1.2 - Сөйлеуді кодтаудың кейбір негізгі алгоритмдерінің сипаттамалары

Алгоритм атауы	Ұсыну	Алгоритм жылдамдығы (кбит/с)	Сөйлеу кадрының мөлшері(октет)	Жинақталу кідірісі (мс)
CS-ACELP	ITU G.729	8	10	10
PCM	ITU G.711	64	40	5
		56	35	5
		48	30	5
ADPCM	ITU G.726	40	25	5
		32	20	5
		24	15	5
		16	10	5
LD-CELP	ITU G.728	16	10	5
MP-MLQ	ITU G.723.1	6.3	24	30
ACELP	ITU G.723.1	5.3	20	30

Кез келген вокодердің маңызды сипаттамасын оның дыбыстық сапасы көрсетеді. Бұл сапасын бағалау үшін орташа субъективті бағалау (MOS - mean opinion score) немесе адамның ойнайтын сөзге психологиялық реакциясы ұғымы енгізілді.

Адам ақпаратты алушы ретінде кез келген телекоммуникациялық жүйенің негізгі элементі болып табылатындықтан, сигнал сапасы оның сөйлеуді субъективті қабылдауы бойынша бағаланады. Сигнал сапасы MOS (mean opinion score - орташа субъективті бағалау) бес балдық шкала бойынша өлшенеді. MOS шкаласы бойынша тыңдаушылар тобы әртүрлі дауыс зорайтқыштармен ойнайтын бірнеше сөйлеу сигналдарына беретін бағаларды өңдеу жолымен анықталады. Әрбір тыңдаушы әр сигналдың бағасын шығарады: 1 - нашар, 2 - әлсіз, 3 - анық, 4 - Жақсы, 5 - өте жақсы. Содан кейін нәтижелер орташаланады[17].

Кесте 1.3- MOS негізгі сөйлеуді кодтау алгоритмдерінің көрсеткіштері

Алгоритм атауы	MOS
G.711 (PCM; 64 кбит/с)	4,1
G.726 (ADPCM; 32 кбит/с)	3,8
G.728 (LD-CELP; 16 кбит/с)	3,6
G.723.1 (ACELP; 5,3 кбит/с)	3,7
G.723.1 (MP-MLQ; 6,3 кбит/с)	3,9

Берілген кодтау әдістерінің арасында сөйлеу сапасы / ағын жылдамдығы арақатынасы тұрғысынан ең қолайлы G. 723 алгоритмі болып табылады.

Кодтау рәсімі өте үлкен есептеу шығындарын талап етеді, сондықтан CELP-кодтарын іске асыру тек соңғы уақытта ғана мүмкін болды. Арнайы сигналдық процессорларды пайдалану секундына 300 млн. және одан да көп операция орындап уақыты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Celp алгоритмі қазіргі заманғы байланыс жүйелерінде 16-дан 4,8 кбит/с дейінгі жылдамдықпен көп қолданылады. Сонымен қатар CELP-кодерінің 16 кбит/с кодының жылдамдығы, 64 кбит/с ИКМ үшін, ал 4,8 кбит/с код жылдамдығы кезінде – 13 кбит /с GSM RPE үшін сигнал сапасын қамтамасыз етеді.

2 Импульстік-кодтық модуляция


Үздіксіз бастапқы аналогтық сигналды сандық кодқа түрлендіру импульстік-кодтық модуляция (ИКМ) деп аталады. Телекоммуникацияда негізгі код ретінде ең аз аппараттық шығынмен жүзеге асырылатын екілік бірізділік таңдалады. ИКМ кезіндегі негізгі операциялар болып: уақыт бойынша дискреттеу, кванттау (уақыт бойынша дискреттеу деңгейі бойынша дискреттеу) және кодтау операциялары болып табылады[18].

Модуляциялық сигнал Заңы бойынша амплитудалық-импульстік модуляцияда (АИМ) импульс амплитудасы өзгереді, ал жүру ұзақтығы мен жиілігі тұрақты болып қалады. Сигналдарды аналогтыдан сандық түрге түрлендіру тарату кезінде олардың кедергіден қорғалуын айтарлықтай арттырады, өйткені қабылдағыш берілетін сигналдың екі күйін тіркеуі тиіс: берілетін сигналдың күйін немесе оның болуын (бірліктерді қабылдау) немесе оның болмауын (нөлді қабылдау).


2.1 Дифференциалды импульстік-кодтық модуляция

DPCM әдісінде кодтық сөздер сигнал деңгейлерінің мәнін емес, олардың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Көршілес деңгейлерде аз айырмашылықтары бар сигналдардың көптеген түрлері бар. Егер оларға DPCM қолданса, онда деңгейлердегі айырмашылықты қамтитын кодтық сөздер басқалардан әлдеқайда жиі кездеседі, демек, сигналдың сығылуы жақсы болады. Бұл болжамды кодтаудың қарапайым мысалы, өйткені іс жүзінде сигналдың қазіргі ағымдағы мәні арқылы, оның келесі мәнін болжауға болады[19].

Қарапайым мысал ретінде төменде PCM және DPCM көмегімен кодталған бір суреттің 2 гистограммасы (суреттегі деңгей/сан) көрсетілген (Сурет 2.1).



а)



б)

Сурет 2.1 – PCM кодтаудың (а) және DPCM кодтаудың (б) дифференциалды гистограммасы


Кодтық сөздердің ауқымы айтарлықтай аз, осылайша тұрақты қысу коэффициентін алуға болады. DPCM практикасында әдетте JPEG немесе Adaptive (адаптивті) DPCM - дыбыс сигналдарын қысудың кең таралған әдісі қолданылады.

Бұл әдісте кванттау қадамының өлшемі қысылған сигналдың ағымдағы өзгеру жылдамдығына бейімделеді (яғни, бұл әдісте сөйлеуді беретін аналогтық сигналда қарқындылықтың күрт секіруі мүмкін емес, сондықтан сигналдың амплитудасын емес, оның ағымдағы мәнін алдыңғы мәнімен салыстырғандағы мәнін кодтайтын болсақ разрядтардың аз мәніне қол жеткізуге болады).

Бұл әдістің артықшылығы- процессордың ең аз жүктелуі, кемшілігі – кванттау шуы мен қысудың орташа дәрежесі 4:1.

2.2 Сөйлеу сигналын дискреттеу

АСТ (аналогтық-сандық түрлендіргіш) үшін бастапқы материал болып табылатын аналогтық сигнал уақыт бойынша дыбыс қысымының амплитудасы мен жиілігінің өзгеруін сипаттайтын үздіксіз сигнал болып табылады. Аналогтық сигналды сандық түрге айналдыру үшін оны дискреттеу қажет, яғни амплитуда бойынша да, уақыт бойынша да жеке (дискретті) элементтерге бөлу қажет (Сурет 2.1-де аналогтық сигналдың уақыт бойынша дискреттелуі көрсетілген)[20].



Сурет 2.2 – Уақыт бойынша дискреттелген сигнал

Сигналдарды өңдеу кезінде дискретизация – $S(t)$ аналогты үздіксіз сигналдың оның мәндерінің жиынтығымен берілуі, бұл жиынтықты t_0, t_1, \dots, t_{n-1} уақыт сәтінде алынған таңдау (выборка) $S(t_0), S(t_1), \dots, S(t_{n-1})$ деп атауға болады.

